

**"Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау"  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

**1. Жалпы ережелер**

1. "Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

**2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттарды тапсырған сәттен бастап - 8 (сегіз) жұмыс күні.

Құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;

2) қажетті құжаттарды тапсыру үшін Мемлекеттік корпорацияда күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты - 15 (он бес) минут;

3) Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты - 20 (жиырма) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - көрсетілетін қызметті алушылардың банктік шоттарына тиесілі субсидияларды одан әрі аудару үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесіне төлем шоттарының тізілімін ұсыну.

Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті алушыға осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша қағаз тасығышта көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының қолы қойылған субсидия тағайындау/тағайындамау туралы шешіммен хабарлама жолдайды.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесі - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда түскі үзіліссіз, сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет жеделдетілген қызмет көрсетусіз көрсетілетін қызметті берушінің тіркелген орны бойынша "электрондық" кезек күту тәртібімен көрсетіледі.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (немесе сенімхат бойынша оның өкілі) Мемлекеттік корпорацияға мынадай құжаттарды:

1) нақты сатып алынған бірегей тұқымдарға субсидиялар алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алынған бірегей тұқымдарға субсидиялар алуға арналған өтінімді;

2) элиталық тұқым өсіру шаруашылығы (бұдан әрі - элиттұқымшар) бір уақытта бірегей тұқым өндіруші (бұдан әрі - оригинатор) болып табылған жағдайда, нақты егіске пайдаланылған өзі өндірген суперэлиталық тұқымдарға (мақта үшін - көбейту питомниктерін қоспағанда, бірегей тұқымдар) субсидиялар алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша егіске пайдаланылған өзі өндірген суперэлиталық тұқымдарға (мақта үшін - көбейту питомниктерін қоспағанда, бірегей тұқымдар) субсидиялар алуға арналған өтінімді;

3) нақты сатып алынған элиталық тұқымдарға субсидиялар алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алынған элиталық тұқымдарға субсидиялар алуға арналған өтінімді;

4) тұқым өсіру шаруашылығы (бұдан әрі - тұқымшар) бір уақытта элиттұқымшар болып табылған жағдайда, нақты егіске пайдаланылған өзі өндірген элиталық тұқымдарға субсидиялар алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша егіске пайдаланылған өзі өндірген элиталық тұқымдарға субсидиялар алуға арналған өтінімді;

5) майлы дақылдардың, көпжылдық және біржылдық шөптердің, арпаның, күріштің, картоптың және мақтаның нақты сатып алынған бірінші көбейтілген тұқымдарына (бұдан әрі - бірінші көбейтілген тұқымдар) субсидиялар алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алынған бірінші көбейтілген тұқымдарға субсидиялар алуға арналған өтінімді;

6) жүгерінің, қант қызылшасының, рапстың, күнбағыстың және мақтаның нақты сатып алынған бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарына (бұдан әрі - бірінші ұрпақ будандарының тұқымдары) субсидиялар алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алынған бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарына субсидиялар алуға арналған өтінімді;

7) нақты сатып алынған жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттеріне (бұдан әрі - элиталық көшеттер) субсидиялар алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алынған жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттеріне субсидиялар алуға арналған өтінімді;

8) сатып алынған элиталық тұқымдарға немесе бірінші репродукция тұқымдарына және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарына тиесілі субсидияларды алу үшін (элиттұқымшарға немесе тұқымшарға субсидиялар алу құқығы берілген жағдайда) осы мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартына 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша элиталық тұқым шаруашылығы немесе тұқым шаруашылығы арқылы берілген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өтінімдері негізінде қалыптастырылған жиынтық өтінімді ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзы арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде Мемлекеттік корпорация жұмыскері берген тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат өтінімнің қабылданғанын растайды.

Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкіліне, өкілдігін растайтын құжат бойынша заңды тұлғаның өкіліне) дайын құжаттарды беруді жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде қолхат негізінде оның жұмыскері жүзеге асырады.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оларды одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін жүгінсе, Мемлекеттік корпорацияның сұранымы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

9-1. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға арналған негіздер:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;  
2) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.";

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды қажет ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы болып табылады.

10. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері өтінімді қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

**3. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның жұмыскерлерінің мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

11. Мемлекеттік қызметтертер көрсету мәселелері бойынша, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым тиісті көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі.

Шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 15-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша почта арқылы жазбаша нысанда, не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 15-тармағында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша Мемлекеттік корпорация басшысының атына жіберіледі.

Шағымда:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), почталық мекенжайы;

2) заңды тұлғаның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) Мемлекеттік корпорацияға, көрсетілетін қызметті берушіге шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның қызметкерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8-800-080-7777 телефондары арқылы алуға болады.

Көрсетілетін қызметті алушыға оның шағымның қабылданғаны туралы растау үшін шағымды қабылдаған адам талон береді, онда нөмірі, күні, шағымды қабылдаған адамның

тегі, осы шағымға жауапты алу мерзімі және орны, шағымның қаралу барысы туралы ақпарат алуға болатын адамның байланыс деректері көрсетіледі.

Электронды өтінімді портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинеттен" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, бұл ақпарат көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында (шағымның жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау туралы немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қараудың нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта байланысы арқылы жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

#### **4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар**

13. Ағза функцияларының тұрақты бұзылулары бар, өзіне-өзі қызмет көрсету, өздігінен қозғалу, құжаттарды қабылдауға бағдарлану қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айырылған көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсетуді Мемлекеттік корпорацияның қызметкері 1414, 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіне отырып, тұрғылықты жеріне барып жүзеге асырады.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыларға күту және қажетті құжаттарды дайындау уақытында жағдайлар жасалады (күтуге арналған креслолар, құжаттарды толтыруға арналған орындар қажетті құжаттар тізбесі мен оларды толтыру үлгілері бар стендтермен жарақталады).

Көрсетілетін қызметті берушінің және Мемлекеттік корпорацияның ғимараттары дене мүмкіндіктері шектеулі адамдардың кіруіне арналған пандусы бар кіреберіспен жабдықталған.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

- 1) тиісті көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;
- 2) Министрліктің [www.mgov.kz](http://www.mgov.kz) интернет-ресурсында;
- 3) Мемлекеттік корпорацияның [www.con.gov.kz](http://www.con.gov.kz) интернет-ресурсында;
- 4) порталда орналастырылған.

16. Көрсетілетін қызметті алушыда электрондық цифрлық қолтаңбасы болу шартымен мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

17. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары [www.mgov.kz](http://www.mgov.kz) интернет-ресурсында көрсетілген. Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.

	"Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
--	---

	1-қосымша
--	-----------

Нысан  
Хабарлама  
Құрметті \_\_\_\_\_  
(көрсетілетін қызметті алушы)  
Сізге \_\_\_\_\_  
(субсидияланатын бағыт)  
бағыты бойынша субсидия тағайындау жөнінде шешім қабылданғаны туралы  
ескертеміз.  
Сұрақтар туындаған жағдайда \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(көрсетілетін қызметті беруші)  
жүгінуді өтінеміз.  
Орындаушы: \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын (қолы)  
куәландыратын құжатта бар болса))  
Байланыс телефондары: \_\_\_\_\_

	"Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша
--	--

Нысан  
Хабарлама  
Құрметті \_\_\_\_\_  
(көрсетілетін қызметті алушы)  
Сізге \_\_\_\_\_  
(субсидияланатын бағыт)  
бағыты бойынша субсидия тағайындамау жөнінде шешім қабылданғаны  
туралы ескертеміз.  
Бас тарту себебі: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
Сұрақтар туындаған жағдайда \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(көрсетілетін қызметті беруші)  
жүгінуді өтінеміз.  
Орындаушы: \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын (қолы)  
куәландыратын құжатта бар болса))  
Байланыс телефондары: \_\_\_\_\_

"Тұқым шаруашылығын дамытуды  
субсидиялау" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет стандартына  
3-қосымша

Бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын сатып алуға  
субсидиялар алуға арналған өтінім

Ескерту. 3-қосымша алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 16.05.2016 №  
218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

	"Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет
--	---

	стандартына 3-қосымша
	Нысан

**Бірегей тұқымдарды өндіру жөніндегі шығындарды өтеуге субсидиялар алуға арналған өтінім**

	Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымша Нысан
--	---

(облыстың, ауданның, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы) бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын сатып алу көлемдері жөніндегі жиынтық тізілім

	Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымша Нысан _____ ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі
--	--

**Сатып алынған бірегей тұқымдарға субсидиялар алуға арналған өтінім**

\_\_\_\_\_ атынан  
(элиталық тұқым өсіру шаруашылығының атауы)

негізінде

(құрылтай құжаты)  
әрекет ететін басшысы (не сенімхат бойынша оның өкілі)

\_\_\_\_\_ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы)

\_\_\_\_\_ тонна мөлшеріндегі

(ауыл шаруашылығы дақылы, сорты)

\_\_\_\_\_ бірегей тұқымдарын (бұдан әрі - тұқымдар) сатып алу

жөніндегі

шығындарды өтеуге субсидиялар төлеуді сұрайды.

№	Деректер көзі*	Қажетті мәліметтер	Деректер
1	2	3	4
1.	Заңды тұлға үшін - мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама	БСН**	
		тіркеу нөмірі	

		атауы	
		орналасқан жері	
		мемлекеттік тіркелген күні	
		кім берді	
2.	Жеке тұлға үшін - жеке басын куәландыратын құжат	жеке басын куәландыратын құжат нөмірі	
		ЖСН**	
		кім берді	
		берілген күні	
3.	Жер учаскесіне сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілеу құжаты	актінің нөмірі	
		кадастрлық нөмірі	
		барлық алаңы, гектар	
		оның ішінде егістік, гектар	
		нысаналы мақсаты	
		сәйкестендіру құжатының нөмірі және берілген күні, кім берді	
		жер учаскесі иесінің немесе жер пайдаланушының атауы	
4.	Ағымдағы шотының бар-жоғы туралы екінші деңгейдегі банктің немесе Ұлттық почта операторының анықтамасы	ЖСН/БСН**	
		Кбе**	
		банктің немесе Ұлттық почта операторының деректемелері: банктің немесе Ұлттық почта операторының атауы	
		БСК**	
		ЖСК**	
		БСН**	

		Кбе**	
5.	Сатып алынған тұқымдарға бастапқы төлем құжаттары, тұқымдарды тиеп-жөнелтуге арналған жүкқұжаттар	төлем құжатының нөмірі (шот-фактуралар, кіріс және шығыс кассалық ордерлер және (немесе) төлем тапсырмалары)	
		төлем құжатының берілген күні	
		тұқым сатушының атауы	
		тұқым сатушының орналасқан жерінің мекенжайы	
		тұқым сатушының ЖСК**	
		тауар-көлік жүкқұжатының нөмірі	
		дақыл, сорт, репродукция	
		өлшем бірлігі	
		мөлшері (көлемі)	
		ҚҚС-мен** бағасы (теңге)	
		барлық өткізу құны	
6.	Тұқымдардың сорттық және егіс сапасын растайтын құжаттар	берілген күні	
		нөмірі	
		кім берді	
7.	Қазақстан Республикасының қорғалатын өсімдік сорттарының мемлекеттік тізіліміне енгізілген сорттардың тұқымдары үшін патент иесімен (оригинатормен) лицензиялық шарт	шарттың нөмірі	
		шарт жасалған күн	
8.	Тұқымдарды сатып алуға оригинатормен, сатушымен немесе шетелдік компаниямен шарт	шарттың нөмірі	
		шарт жасалған күн	
9.	Элиталық тұқымдарды өндіру жоспары	жоспардың бекітілген күні	
10.	Мақта тұқымын химиялық әдіспен өңдеуге	шарт нөмірі	



	арналған шарт туралы ақпарат***		
		шарт жасалған күн	
		тұқымдарды химиялық әдіспен жалаңаштау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді жеткізуші	
		актіге сәйкес жұмыстардың орындалған күні	

Ескертпе:

\* өтінім берушіден көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын және көшірмелерін талап етуге жол берілмейді;

\*\* аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Кбе - бенефициар коды;

\*\*\* кестенің 10-жолында көрсетілген мәліметтер импортталатын мақта тұқымдарын қоспағанда, мақта тұқымдарын сатып алған кезде толтырылады.

#### Тиесілі субсидиялар есептемесі\*

№	Дақылдың атауы	Сорттың атауы	Репродукция	Сатып алынған тұқымдар, тонна	1 тонна тұқымның нақты бағасы, теңге	1 тоннаға субсидиялар нормативі, теңге	Тиесілі субсидиялар сомасы, теңге (5-баған x 7-баған)
1	2	3	4	5	6	7	8

Ескертпе:

\*Есептеме Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 4-2/664 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10190 болып тіркелген) бекітілген Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларының 15-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Басшы (не сенімхат бойынша оның өкілі):

(қолы)

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Мөр (бар болса) орны

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Өтінім 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ қарауға қабылданды және № \_\_ болып тіркелді.

аты (қолы) (өтінімді қабылдаған жауапты адамның аты, әкесінің аты)  
(бар болса), тегі

-----  
(кесу сызығы)

Талон

№ \_\_\_\_\_ өтінім  
20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ сағат \_\_ минутта қарауға қабылданды.

\_\_\_\_\_  
(қолы) өтінімді қабылдаған жауапты адамның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

	"Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымша
--	---

Нысан

Мақта тұқымын химиялық әдіспен тазалау бойынша орындалған жұмыстар актісі

	Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымша Нысан _____ ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі
--	--

**Егіске пайдаланылған өзі өндірген суперэлиталық (мақта үшін - көбейту питомниктерін қоспағанда, бірегей тұқымдар) тұқымдарға субсидиялар алуға арналған өтінім**

\_\_\_\_\_ атынан  
(элиталық тұқым өсіру шаруашылығының атауы)

\_\_\_\_\_ негізінде  
(құрылтай құжаты)  
әрекет ететін басшысы (не сенімхат бойынша оның өкілі)

\_\_\_\_\_  
(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы)

\_\_\_\_\_ тонна мөлшерінде өзі өндірген

\_\_\_\_\_  
(ауыл шаруашылығы дақылы, сорты)

\_\_\_\_\_ суперэлиталық тұқымдары (мақта үшін - көбейту питомниктерін қоспағанда, бірегей тұқымдар) (бұдан әрі - тұқымдар) үшін субсидиялар төлеуді сұрайды.

№	Деректер көзі*	Қажетті мәліметтер	Деректер
---	----------------	--------------------	----------

1	2	3	4
1.	Заңды тұлға үшін - мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама	БСН**	
		тіркеу нөмірі	
		атауы	
		орналасқан жері	
		мемлекеттік тіркелген күні	
		кім берді	
2.	Жеке тұлға үшін - жеке басын куәландыратын құжат	жеке басын куәландыратын құжат нөмірі	
		ЖСН**	
		кім берді	
		берілген күні	
3.	Жер учаскесіне сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілеу құжаты	актінің нөмірі	
		кадастрлық нөмірі	
		барлық алаңы, гектар	
		соның ішінде егістік, гектар	
		нысаналы мақсаты	
		сәйкестендіру құжатының нөмірі және берілген күні, кім берді	
		жер учаскесі иесінің немесе жер пайдаланушының атауы	
4.	Ағымдағы шотының бар-жоғы туралы екінші деңгейдегі банктің немесе Ұлттық почта операторының анықтамасы	ЖСН/БСН**	
		Кбе**	
		банктің не Ұлттық почта операторының деректемелері:	

		банктің не Ұлттық почта операторының атауы:	
		БСК**	
		ЖСК**	
		БСН**	
		Кбе**	
5.	Егістерді байқаудан өткізу актісі	нөмірі	
		жасалған күні	
		дақыл, сорт, репродукция	
6.	Тұқымдарды пайдалану актісі	күні	
		нөмірі	
		көлемі	
7.	Тұқымдарды себу туралы ақпарат	танап нөмірі	
		алаңы, гектар	
		дақыл, сорт, репродукция	
		көлемі	
8.	Элиталық тұқымдарды өндіру жоспары	жоспардың бекітілген күні	

Ескертпе:

\* өтінім берушіден көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын және көшірмелерін талап етуге жол берілмейді;

\*\* аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Кбе - бенефициар коды.

Тиесілі субсидиялар есептемесі\*

№	Дақылдың атауы	Сорттың атауы	Репродукция	Пайдаланылған тұқымдар,	1 тоннаға субсидиялар нормативі,	Тиесілі субсидиялар сомасы, теңге (5-баған x
---	----------------	---------------	-------------	-------------------------	----------------------------------	--

				тонна	теңге	6-баған)
1	2	3	4	5	6	7

Ескертпе:

\*Есептеме Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 4-2/664 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10190 болып тіркелген) бекітілген Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларының 15-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Басшы (не сенімхат бойынша оның өкілі):

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Мөр (бар болса) орны

20\_\_жылғы "\_\_" \_\_\_\_\_

Өтінім 20\_\_жылғы "\_\_" \_\_\_\_\_ қарауға қабылданды және № \_\_ болып тіркелді.

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (өтінімді қабылдаған жауапты адамның аты, әкесінің

аты

(бар болса), тегі)

-----  
 (кесу сызығы)

Талон

№ \_\_\_\_\_ өтінім

20\_\_жылғы "\_\_" \_\_\_\_\_ сағат \_\_ минутта қарауға қабылданды.

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ өтінімді қабылдаған жауапты адамның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

	"Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 6-қосымша
--	---

Тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінім

	Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 6-қосымша
--	--

	Нысан _____ ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі
--	--

**Сатып алынған элиталық тұқымдарға субсидиялар алуға арналған өтінім**

\_\_\_\_\_ атынан  
 (тұқым өсіру шаруашылығының, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің немесе ауыл шаруашылығы кооперативінің атауы)

\_\_\_\_\_ негізінде  
 (құрылтай құжаты)  
 әрекет ететін басшысы (не сенімхат бойынша оның өкілі)

\_\_\_\_\_ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы)

\_\_\_\_\_ тонна мөлшеріндегі

\_\_\_\_\_ (ауыл шаруашылығы дақылы, сорты)

\_\_\_\_\_ элиталық тұқымдарын (бұдан әрі - тұқымдар) сатып алу

жөніндегі

шығындарды өтеуге субсидиялар төлеуді сұрайды.

№	Деректер көзі*	Қажетті мәліметтер	Деректер
1	2	3	4
1.	Заңды тұлға үшін - мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама	БСН**	
		тіркеу нөмірі	
		атауы	
		орналасқан жері	
		мемлекеттік тіркелген күні	
		кім берді	
2.	Жеке тұлға үшін - жеке басын куәландыратын құжат	жеке басын куәландыратын құжат нөмірі	
		ЖСН**	
		кім берді	
		берілген күні	
3.	Ауыл шаруашылығы кооперативі үшін - мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама	БСН**	
		тіркеу нөмірі	

		тіркелген күні	
		атауы	
		орналасқан жері	
		мемлекеттік тіркелген күні	
		кім берді	
4.	Ауыл шаруашылығы кооперативінің субсидия тиесілі мүшелері туралы ақпарат (ауыл шаруашылығы кооперативтері өтінім берген жағдайда толтырылады)	атауы	
		БСН/ЖСН**	
		атауы	
		БСН/ЖСН**	
		атауы	
		БСН/ЖСН**	
		атауы	
		БСН/ЖСН**	
5.	Жер учаскесіне сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілеу құжаты***	актінің нөмірі	
		кадастрлық нөмірі	
		барлық алаңы, гектар	
		оның ішінде егістік, гектар	
		нысаналы мақсаты	
		сәйкестендіру құжатының нөмірі және берілген күні, кім берді	
		жер учаскесі иесінің немесе жер пайдаланушының атауы	
6.	Ағымдағы шотының бар-жоғы туралы екінші деңгейдегі банктің немесе Ұлттық почта операторының	ЖСН/БСН**	
		КБс**	

	анықтамасы ***		
		банктің немесе Ұлттық почта операторының деректемелері: банктің немесе Ұлттық почта операторының атауы	
		БСК**	
		ЖСК**	
		БСН**	
		Кбе**	
7.	Сатып алынған тұқымдарға арналған бастапқы төлем құжаттары, тұқымдарды тиеп-жөнелтуге арналған жүкқұжаттар	төлем құжатының нөмірі (шот-фактуралар, кіріс және шығыс кассалық ордерлер және (немесе) төлем тапсырмалары)	
		төлем құжатының берілген күні	
		тұқым сатушының атауы	
		тұқым сатушының орналасқан жерінің мекенжайы	
		тұқым сатушының ЖСК**	
		тауар-көлік жүкқұжатының нөмірі	
		дақыл, сорт, репродукция	
		өлшем бірлігі	
		мөлшері (көлемі)	
		ҚҚС-мен** бағасы (теңге)	
		барлық өткізу құны	
8.	Тұқымдардың сорттық және егіс сапасын растайтын құжаттар	нөмірі	
		берілген күні	
		кім берді	
9.	Тұқымдарды сатып алуға	шарттың нөмірі	



	элиттұқымшармен, өткізушімен немесе шетелдік компаниямен жасалған шарт	шарттың жасалған күні	
10.	Бірінші репродукция тұқымдарын өндіру жоспары	жоспардың бекітілген күні	
11.	Мақта тұқымын химиялық әдіспен өңдеуге арналған шарт жөніндегі ақпарат****	шарттың нөмірі	
		шарттың жасалған күні	
		тұқымдарды химиялық әдіспен жалаңаштау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді жеткізуші	
		актіге сәйкес жұмыстардың орындалған күні	

Ескертпе:

\* өтінім берушіден көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын және көшірмелерін талап етуге жол берілмейді;

\*\* аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Кбе - бенефициар коды;

\*\*\* ауыл шаруашылығы кооперативі өтінім берген жағдайда, ауыл шаруашылығы кооперативіне (оның жер учаскесі болған жағдайда) және ауыл шаруашылығы кооперативінің субсидия тиесілі әрбір мүшесіне толтырылады;

\*\*\*\* кестенің 11-жолында көрсетілген мәліметтер импортталатын мақта тұқымдарын қоспағанда, мақта тұқымдарын сатып алған кезде толтырылады.

#### Тиесілі субсидиялар есептемесі\*

№	Дақылдың атауы	Сорттың атауы	Репродукция	Сатып алынған тұқымдар, тонна	1 тонна тұқымның нақты бағасы, теңге	1 тоннаға субсидиялар нормативі, теңге	Тиесілі субсидиялар сомасы, теңге (5-баған x 7-баған)
1	2	3	4	5	6	7	8

Ескертпе:

